

Құрметті магистратураға түсушілер!

Магистратурада оқуға арналған білім беру гранттары кешенді тестілеу нәтижелері бойынша конкурстық негізде тағайындалады.

Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратураға түсу үшін кемінде 75 балл, бейіндік бағыт бойынша кемінде 30 балл жинау қажет.

2024 - 2025 оқу жылына «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ магистрлерді даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (қысқы қабылдау)

№ р/с	Білім беру бағдарламалардың атауы	Бағыты	
		Ғылыми-педагогикалық	Бейіндік
1	Денсаулық сақтаудағы менеджмент	-	39
2	Қоғамдық денсаулық сақтау	-	31
Барлығы		-	70
3	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	21	-

Грант конкурсына құжаттарды қабылдау **2024 жылдың 9-13 желтоқсан** аралығында ЖОО-ның қабылдау комиссиялары, оның ішінде онлайн виртуалды комиссиялар арқылы жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды тапсыру қажет: жоғары білімі туралы құжат (диплом және қосымшасы); КТ сертификаты және шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттар (бар болған жағдайда):

- 1) жеке куәліктің көшірмесі,
- 2) жоғары білімі туралы құжат (диплом және қосымшасы),
- 3) КТ сертификаты және шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттар (бар болған жағдайда).

075/у нысанындағы медициналық анықтаманы жоғары оқу орнына түскенде тапсырады.

Құжаттарды тапсыру кезінде оқуға түсуші білім беру бағдарламаларының бір тобын және үш жоғары оқу орнын көрсете алады.

Магистратураға білім беру гранты иегерлерінің тізімі 25 желтоқсанға дейін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.